

Запастағы офицерлерді әскери қызметке шақыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 28 сәуірдегі № 557 Қаулысы

«Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңының 32-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ** ЕТЕДІ:

1. Қосымшаға сәйкес санда офицерлер құрамының лауазымдарында әскери қызмет өткеру үшін әскери қызметке жарамды және оны өткермеген запастағы офицерлер заңнамада белгіленген тәртіппен 2012 жылы екі жыл мерзімге әскери қызметке шақырылсын.

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі
К. Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2012 жылғы 28 сәуірдегі
№ 557 қаулысына
қосымша

2012 жылы әскери-есептік мамандықтар бойынша әскери қызметке шақыруға жататын запастағы офицерлердің саны

Р/с №	Әскери-есептік мамандық	Саны
Офицер		
1.	Мотоатқыштар әскерлері	33
2.	Химиялық әскерлер	3
3.	Инженерлік әскерлер	16
4.	Тәрбие және құқықтық жұмыстар жөніндегі	5
5.	Психология	1
6.	Зангер	5
7.	Зымыран-артиллериялық қару-жарак	3
8.	Қазақстан Республикасы Әскери прокуратурасы үшін зангер	5
9.	Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметі	99
10.	Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар министрлігі	9
БАРЛЫҒЫ		179

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК